Аңдатпа Сан алуан оқиғаларды басынан кешіріп, ұлт болып қалыптасып, мемлекет құрып отырған біздің халқымыз әлемде теңдесі жоқ тек өзіне ғана тән, өзінің табиғатын, әдет-ғұрпын, мінез-құлқын, бір сөзбен айтқанда, халық ретінде өзін танытатын ғасырлар бойы шыңдалған әр саладан кәсіби өнерін қалыптастырды. Қазақтың бағзыдан айтылып жүрген аңыз-ертегілерін, ән-күйлерін, халық таланттары – ақындар мен жыраулар, әншілер мен күйшілер асыл мұра ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, көзінің қарашығындай сақтап, өзінің ойындағы арман-тілегін, мұңы мен қайғысын ән өнері арқылы шығарған.

Түйінді сөздер: саз аспаптар, сыбызғы, құңқоу, Тунгус текті эвенк, нанайлар, манжур, түркі халықтары.

Қазақтың саз аспаптары — ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, көнеден келе жатқан мәдени мұралардың бірі. Ертеде саз аспаптарды ағаштан, түрлі өсімдіктерден, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізінен, қылынан және басқа да түрлі заттардан жасаған. Халқымыздың жыр аңыздарынан, дастандарынан және өткен ғасырлардағы саяхатшылардың, ғалымдардың еңбектерінен көне аспаптардың сипаттамаларын, суреттерін кездестіреміз. Қазақтың музыка аспаптарын Мәскеу, Санкт-Петербург, Алматы, Семей қалаларындағы мұражайларынан да кездестіруге болады. Осы кезде байырғы аспаптардың түрлері 20-дан аса болғандығы анықталып отыр. Ертеде музыка аспаптарын жұртқа хабар бергенде, аңшылар құсты, аңды үркіткенде, бақсылар сарын айтқанда, әскери жорықтарда ұран салғанда пайдаланған. Аспаптарды бес топқа бөлуге болады: 1. Үрмелі аспаптар - дыбысын үру арқылы шығарылатын аспаптар: сазсырнай, қоссырнай, қамыссырнай, мүйізсырнай, сыбызғы, адырна, ұран, керней; 2. ішекті аспаптар - дыбысы ішек арқылы шығарылатындарға жататындар: жетіген, шертер, екі және үш шекті домбыралар, қылқобыз; 3. жіңішке сым арқылы дыбысы шығарылатын аспап: шаңқобыз немесе шаңқауыз; 4. ұрмалы аспаптар - аспапқа тартылған көн арқылы дыбыс шығарылатындарға жататындар: даңғыра, дауылпаз, шыңдауыл, дабыл, кепшік, шың; 5. аспаптың басына тағылған шынжырлар, қоныраулар арқылы дыбыс шығарылатын тобы — асатаяқтың бірнеше түрлері. Ендеше түркі халықтарына ортақ саз аспаптарына тоқталып өтейік:

Сыбызғы - бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Қазір бұл аспап түркі (қазақ, башқұрт, тува), моңғол (халқа, ойрат-қалмақ) халықтарының саз аспабы санатында. Б.з.д. 80-жылы ғұндардың тұтқыны болған қытайдың Хань династиясының елшісі: «Күн батып кеткеннен кейін ғұндардың сыбызғысының (Ху цзя.) үні зарлап, жылқылары кісінеп, сиырлары мөңіреп тыныштық бермей, ұйқы қашырады. («Алдыңғы Хань-наме. LIV», 1894.)» деп жазған.

2011 жылы қазба жұмысын жүргізген байырғы түркілердің Шатыртау жерасты кесенесінің көмігінен (панорама) табылған атты сарбаздың қолына сыбызғы ұстатып мүсіндегені сөзімізге дәйек. Бұл мүсін б.з. 630-680 жылдарына тән.

Құнқоу (қобыз) - Жоғарыда сөз еткен Шығыс Хань династиясының патшасы Линдай-құмар болған Құнқоу (қобыз) саз аспабы қақында қытайдың тарихи жазбаларында көп айтылады. Ғұндардың бұл саз аспабын кейін қытайлар меңгеріп, өздерінің саз аспаптарының қатарына қосқан.

Әйгілі тарихшы-мәдениеттанушы У.Еверхард: «Хань династиясының дәуірінде (б.з.д. 206-б.з. 220 ж.ж.) Орта Азия халықтарының «Құнқоу» атты саз аспабын қытайлар алып пайдаланған. Ферғанада өмір сүрген қаңлылар, самарқандық түріктер құнқоу саз аспабының отаны» .

Шаңқобыз - қазақ, қырғыз, өзбек, тува, алтай халықтары бүгінге дейін шаңқобызды ұлттық саз аспабының бірі ретінде пайдаланып келеді. Моңғол текті бурят, қалмақ, халқа, торғауыт, дағұр, ойрат, монғол, ҚХР-дағы ішкі моңғолдардың ортасына шаңқобыз мол таралған.

Тунгус текті эвенк, нанайлар, манжур сібелері, шүршіттер (чжурчжен), жапонның Хоккайда аралына Орталық Азиядан барған айн тайпасы сияқты Тынық мұхит жағалауындағы халықтар бұл саз аспабын кең түрде қолданады. Шаңқобызды пайдаланушы халықтар бұл аспапты өздерінің ұлттық дүниесі деп біледі. Шаңқобызды шеберлер қамыстан, темірден, сүйектен, ағаштан жасаған. Шаңқобызды өзбектер «чангқобыз», сібірлік түріктер «хомус», моңғолдардың көбі келқуыр (тіл қобыз) деп атайды. Дағур моңғолдары «мұғры» десе, Хоккайда аралының айындықтары «мүглі» деп атайды екен. Бұл атауға қарағанда ту бастағы атауы «мүглі» немесе «мұғлы» болған болуы да мүмкін. Бұл үшін Орталық Азиядан айындар Хоккайдаға қай дәуірде барғанын анықтау керек. Айындықтар жапондардай нәзік емес, палуан денелі, тік қабақты боп келеді. Шаңқобыздың ең көне түрі Моңғолия Төв (Орталық) аймағының Алтынбұлақ сұмынының (өлке) жерінен табылды. Моңғолияның астанасы Уланбатыр қаласынан 130 шақырым қашықтықта, атақты Тул дариясының оңтүстік шығыс өңірінің Морин-толғой (Атбасты) деген жердегі ғұндардың қорымына 1989 жылы археологиялық қазба жұмысын жүргізген кезде табылған.

Дабыл - бұл аспап қазақпен бірге жасасып келе жатқан ежелден белгілі мұра. Дабылды аспап аң аулағанда, ұлы жиынға шақырғанда, әскери жорықтарға аттанарда, жан беріп жан алысқан бетпе-бет шайқастарда, жорықтарда жер қайысқан қолдың рухын көтеріп, намысын жану, айбынын асырып, айдарынан жел естіру мақсатында қолданатын болған. Дабыл, кепшік, даңғара аспабының

сипаттамасы, түркі халықтары ортасында кең түрде қолданған, оның сипаттамасын Б.Сарыбаев кезінде жеріне жеткізе жазған. Сондықтан біз тарапымыздан қысқаша қайыруды жөн көрдік. Қытай деректерінде ғұн дәуірінде дабыл әскердің байрақ, туының дәрежесінде құрметтелетінін дәлелдейтін екі дерекке кез болдық. Қытайдың «Ши цзи» дерекнамасында: «Б.з.б. 119 жылы қытайдың қолы ғұндарға жорық жасаған кезде қытай әскерінің қолбасшысы Хо Цюй-бин ғұндардың шығыс дацзян князінің туы мен қоса дабылын тартып алды» (В.С.Таскин. 1968.) деген дерек қалдырыпты. Тағы да В.С.Таскиннің айтуынша аталмыш дерекнамада: «Сол жылы (б.з.б. 119 жылы) қытай қолы ғұндардың шығыс қанатының көсемінің туын, дабылын тартып алды» дейді.

Көне музыка аспаптарының табылуымен байланысты музыка мамандарының алдына жаңа міндеттер жүктелді. Ол міндеттер көне аспаптарды жетілдіріп жасап шығару, орындаушыларды тәрбиелеу, түрлі ансамбльдер ұйымдастыру, т.б. Қазақ музыка аспаптарының үнін жақсарту мақсатымен 1932 жылы Алматы қаласында, 1947 жылы Осакаровкада, 1957 ж. Алматы консерваториясының (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) жанынан шеберханалар ашылды. Қазақтың халық аспаптар оркестріне домбыра мен қобыздың алғашқы үлгілерін (жаңадан жасатып) ұсынған профессор А.Жұбанов болды. Музыкалық аспап жасау шеберлері Оразғазы Бейсембайев пен Абузар Аухадиев көне аспаптардың біраз түрлерін жаңартып жасап шығарды. Шеберлер Қ.Қасымов, А.Ермеков, Э.И.Романенко, О.Бейсенбаев, А.Аукадиев, т.б. музыкалық аспаптардың алғашқы үлгілерін жасады. Жетігенді, шертерді, үш шекті домбыраны, сыбызғыны, шаңқобызды, қылқобызды, асатаяқтың көптеген түрлерін меңгеріп ансамбльге қосып, жеке эн-күй орындап жүрген жас музыканттарымыз да бар. Орындалатын көне күйлердің кейбірі халқымыздың өткендегі тұрмыс салтын, табиғатын бейнелейтін, осы күнге дейін ұмытылып қалып тартылмай келген.

Көне музыка аспаптарының табылуымен байланысты музыка мамандарының алдына жаңа міндеттер жүктелді. Ол міндеттер көне аспаптарды жетілдіріп жасап шығару, орындаушыларды тәрбиелеу, түрлі ансамбльдер ұйымдастыру, т.б. Қазақ музыка аспаптарының үнін жақсарту мақсатымен 1932 жылы Алматы қаласында, 1947 жылы Осакаровкада, 1957 ж. Алматы консерваториясының (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) жанынан шеберханалар ашылды. Қазақтың халық аспаптар оркестріне домбыра мен қобыздың алғашқы үлгілерін (жаңадан жасатып) ұсынған профессор А.Жұбанов болды. Музыкалық аспап жасау шеберлері Оразғазы Бейсембайев пен Абузар Аухадиев көне аспаптардың біраз түрлерін жаңартып жасап шығарды. Шеберлер Қ.Қасымов, А.Ермеков, Э.И.Романенко, О.Бейсенбаев, А.Аукадиев, т.б. музыкалық аспаптардың алғашқы үлгілерін жасады. Жетігенді, шертерді, үш шекті домбыраны, сыбызғыны, шаңқобызды, қылқобызды, асатаяқтың көптеген түрлерін меңгеріп ансамбльге қосып, жеке эн-күй орындап жүрген жас музыканттарымыз да бар. Орындалатын көне күйлердің кейбірі халқымыздың өткендегі тұрмыс салтын, табиғатын бейнелейтін, осы күнге дейін ұмытылып қалып тартылмай келген.

Түркі тілдес халықтардың қазіргі музыкалық аспаптарын тереңірек білу үшін, қолдағы бар деректерге сүйене отырып, көне музыка аспаптарының шығу тарихынан қозғасақ артық болмас.

Қазақтың музыкалық аспаптары Батыс Сібірді мекендейтін түркі тілдес халықтарының, сондай-ақ қалмақтар мен монғолдардың музыкалық аспаптарына көп ұқсастығы бар. «Музыка аспаптарының өз ара байланыстылығы тайға таңба басқандай болып, ап-айқын көрінетін белгілері Солтүстікке, Орталық Қазақстан мен Оңтүстік Сібірге, Алтайға жетелейді», - деп түсіндіреді музыка зерттеушісі В. Виноградов. Аспаптар өздерінің аталуына, құрылысына, пішін - түріне, ою - өрнегіне, шығатын үніне қарай белгілі бір ұлтқа тән болған, сол ұлттың өнерін паш еткен.

Бізге білгілі бір тектес аспаптар өз ара ұқсас болғанымен, олардың жасалуында бірқатар айырмашылықтар бар. Сібір халықтары: алтайлықтар, хакастар, тувалықтар, тофылар, шорцылар өз музыкалық аспаптарының бұрынғы құрылысын өзгертпей, сол күйі сақтаған. Әр түрлі халықтардың бір тектес аспаптарын зерттегенде оның эволюциялық дамуының кейбір жақтарын аңғаруға болады. Үрлеп және ұрып ойналатын аспаптар ерте заманда адамдардың бір-біріне дыбыс беруі үшін немесе аң мен құстың дауысын салу үшін пайдаланылғаны ешқандай дау туғызбаса керек. Мұндай аспаптарды біздің арғы аталарымыз жорыққа шыққандарында, аң аулағанда өздерімен бірге ала жүрген, сондай-ақ діни салт-жораларда, бекзадалардың сауық-сайранында пайдаланылған. Әсіресе, дабыл қағуға өте қажет болғандықтан көне аспаптардың үрлеп тартылатын және мембраналық ұрып ойналатын түрлері өте көп болған, өйткені, бұлардың даусы қатты шығады. Ал, кейін келе сирек қолданылатын болғандықтан осы айтылған аспаптардың кейбір түрлері мүлде ұмыт қалдырылған. Көне аспаптардың бір қатары ән мен жырды сүйемелдеу үшін пайдаланылған.

Шертіп ойналатын аспаптың бірі – арфаның алғашқы түрі садаққа ұқсас болып келген. Варган (шаңқобыз) тектес сым тілшілі аспап, флейта тектес үрлеп тартылатын аспап, қобыз тектес қияқпен ойналатын аспап, барабан, бубен тектес ұрып ойналатын аспап т.б бұрын барлық халықтарда болған,

Көптеген халықтарда жекелеген кейбір аспаптардың кең тарағаны байқалады. Мысалы, өзбектердің, эзербайжандардың, ұйғырлардың музыкалық аспаптары, парсы және араб аспаптарымен, тувалықтардікі монғол аспаптарымен біршама ұқсас келеді. Өзбек пен ұйғырлардың аспаптарының аталуы да, жасалуы да араб, иран аспаптарына ұқсайды (ауған аспаптары-тамбур, дамбура, дотар, рабаб, дойра, чанг).

Нақ осындай, тува аспабы – лимби, бушкуур, бурээ, чанзы, кенгирге, чан монғол аспаптарынан аумайды. Мысалы, Өзбекстанда бақташылардың үрлеп тартатын қошнай (қазақтың қоссырайына ұқсас жіңішке екі түтікті біріктіре жасалған), қазақтың сыбызғысына ұқсас чупон най немесе гажир най қамыс сырнайына ұқсас сибизик, кобуз, чангкобуз, домбыра сияқты аспаптар күні бүгінге дейін қолданылып жүр. Осы аспаптар жайында өнер тану ғылымының

докторы Ф. Кароматов былай деп жазды: «Олар анғұрлым жетілдірілген, бүгінгі музыкалық аспаптардың алғашқы үлгілері бола отырып, шалғайдағы жазық далалар мен биік таудың баурайындағы жайылымдарда өзбек еңбеккерлерінің өмірінде маңызды роль атқарады». Бұл аспаптар түркі тілдес халықтарға сонау бағзы заманнан-ақ белгілі болған.

Түркі тілдес халықтардың музыкалық аспаптарының пайда болушыққан тегі бір. Ежелгі түрік жазу-сызуларында аттары аталатын кейбір аспаптар түркі тілдес халықтарда күні бүгінде кезеседі. Бұлар – сырнай, чанг, жетіген, нақара, шаңқобыз, сыбызғы, дабыл, керней, абырға.

Сонымен бастапқыда бір нұсқадан шыққан музыкалық аспаптар кейін келе, әрбір халықтың өзіне тән ерекшелігімен көптеген өзгерістерге ұшырай отырып дамыған.

Түркі тілдес халықтардың бірінің музыкалық аспаптарының тарихи дамуын көз алдымызға толық елестету үшін оны өзге халықтардың аспаптарымен байланыста алып қарау қажет. «СССР халықтары музыкалық аспаптарының атласы» делінетін кітапта алтай, хакас, тува және якут аспаптарының небары 22 түрі ғана келтірілген, ал біз олардағы аспаптар түрі 50 асатынын білеміз.

Музыка мәдениетінің өткеніне ой жүгіртіп, әр алуан тарихи деректерге жүгінсек, халық өнерінің қоры шексіз де, музыкалық аспаптардың түрі көп болғаны хақ. Ата-бабаларымыз тастан, ағаштан, темірден, өсімдіктерден, саздан, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан тағы басқа да дыбыс шығаруға мүмкін заттардан қарапайым ән-күй аспаптарын жасап отырған.

Өткен ғасырлар үніне құлақ түрсек, біздің ата-бабаларымыз өз өмірін ән мен күйге бөлеп, тамаша туындылар тудырып отырғанын байқаймыз. Іргелі ел атанған халқымыздың музыка мәдениеті қайта туып, шарықтап шырқау биікке көтерілді. Сонымен қатар оның өткенін зерттеп, бай мұрасына ие болуға мол мүмкіндік туды.

Белгілі композитор, академик А. Қ. Жұбанов : «Халық аспаптарының ішектерінде ғасырлар бойғы даналық тұнып тұр», - деген еді. Сан ғасырлар бойы қазақ халқының өмірімен біте қайнасып, бірге жасасып келе жатқан мол да, қасиетті де, киелі мұрамыздың үлкен бір тобын ұлттық музыкалық аспаптары құрайды. Әрине, ұлт аспаптарымыздың қай-қайсы болсын өзіндік үнімен ерекшеленеді және ойналу мәнерімен де түр-түрге жіктеледі. Қазақ халқы өзінің ауыр тұрмысын, мұңын, арманын, күресін, ерлік істерін, қуанышын, қазақ даласының таңғажайып көркем табиғат құбылыстарын осы музыкалық аспаптардың тілімен бере білді.

Қазақстанның музыкалық мәдениеті саласындағы Болат Шамғалиұлы Сарыбаевтың өмірі мен сан-салалы қызметі 20 ғасырда елеулі орын алады. Көне музыкалық аспаптар мен дәстүрлі қазақ музыкасының жандануы, қайта даму кезеңі оның есімімен тығыз байланысты. Ол жоғала бастаған көне музыкалық аспаптарды іздестіріп, қалпына келтіріп, зерттеу жүргізіп, бүгінгі ұрпақ кәдесіне

ұсынып ұлттық мәдениетіміздің өткен тамаша тарихымен таныстырды. Болаттың өмір жолын таңдауына ықпал еткен Құрманғазының шәкірті, ұлы домбырашы Дина Нұрпейісова болатын. Болаттың музыкалық қабілетін байқаған күйші «Балам, мына домбыраны сақтап, ойнап үйрен» - деп өзінің аспабын сыйға тартады. «Қазақ халқының мәдени мұрасы ұшан-теңіз әрі көп қырлы, оны зерттеп оқып-біліп кейінгі ұрпаққа жеткізу қажет»

- деген екен.

Болат Шамғалиұлы Алматы консерваториясының түлегі, оны бітірген соң осы оқу орнында қалды. 50- жылдардың аяғынан оның қазақтың ұлттық аспаптарын зерттеу саласындағы тер төгіп еңбектенген іздену жұмыстары басталды. Бұған дейін қазақтарда тек екі аспап- домбыра мен қобыз болған деген пікір қалыптасқан болатын. Сондықтан зерттеу жұмыстарын қайта жаңғыртуға тура келді. Осының нәтижесінде Болат Шамғалиұлы жиырмадан аса қазақтың музыкалық аспаптарын тапты. Олар: шаңқобыз, сыбызғы, саз-сырнай, үскірік, шертер, жетіген т.б. Елге шыққан іздестіру аспаптары, экспедициялары кезінде Болат Шамғалиұлы көптеген орындаушылар, көне көз қариялармен жүздесті. Сирек кездесетін аспаптар үлгісін көріп, олардың қалай жасалатынын ақсақалдардың айтуында естіп жазып алу сәтін иеленді. Б.Сарыбаевтың үйіндегі мұражайға негіз болған музыкалық аспаптар коллекциясы осылай құрала бастады. Бұған оның төзімділігі ақыл-ой, күш-қуатымен аянбай жұмсаған тынымсыз еңбегі жеткізді.

Ә. Мұхамбетованың «ол өзінің аспаптары үнінің сүйкімділігімен біздің айналамызда жұмсақ та қоңыр сазды әуенімен қоршап өзгертіп кеткендей», - дегені шынайы шындық. Сөз жоқ мұндай табысқа жету үшін бұл көне аспаптарды іздеп табу немесе әдебиеттерден, мұражайлардан, фольклор көздерінен қарап жазып алу әрине аздау болар еді. Ол үшін аспаптарды қалпына келтіріп даусын шығарып, осы аспаптарда ойналған әуендерді өңдеп жандандыру керек болды. Зерттеу жұмыстарын, көне аспаптарды қалай іздеп тапқандарын қызықтыра әңгімелеп халықтың жүрегіне жол таба білді. Бұл біздің өткеніміз, тарихымыз, тағдырымыз екенін сездіре білді. Мезгілдік басылымдардағы жүздеген мақалалары, шығарған кітаптары, радио мен теледидардағы хабарлары, пластинкаға жазылу, фильм түсіру, ғылыми конференциялар мен концерттерге шығу, студенттерге дәріс беру, аспап жасаушы шеберлермен жұмысы- осының бәрін бір адам істеді деу таңқаларлық жай.

Ал бұл кісінің қазіргі таңда шыққан дискісінен оның сөйлеген сөздері, тартқан күйлері және ол басқарған қазақтың көне аспаптар ансамблінің орындауындағы күйлер, әндер кірген. Сонымен бірге қазақтың көрнекті дәстүрлі ұлы музыканттары Дина Нұрпейісова, Дәулет Мықтыбаев, Жаппас Қаламбаевтардан жазылған шығармаларды да естуге болады. А. Затаевичтің, А. Жұбановтың, Ш. Уәлихановтың,

Ә. Марғұланның, В. Беляевтың, В.Виноградовтың, К. Вертковтың еңбектерінде де қазақтың музыкалық аспаптары жөнінде бағалы мәліметтер бар.

Академик А. Жұбанов өзінің «Қазақ халқының музыкалық мәдениеті» деген мақаласында домбыраның,қобыздың, сыбызғының және дауылпаздың ойналу және жасалу тарихының кебір мәселелеріне тоқталды. Осы аспаптарды суреттеп жаза отырып, А. Жұбанов танымдық құны аса зор кейбір этнографиялық материалдарға сүйенеді.

Композитордың бүкіл саналы ғұмыры өз елінің музыка мәдениетін қалыптастыру және оны көркейту жолындағы белсенді қызмет үстінде өтті.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә. Марғулан «Қазақ халқының көне поэтикалық мәдениетін таратушылар жөнінде» деген еңбегінде бұрын белгісіз болып келген кейбір аспаптар жайында тұңғыш рет хабарлады. Олардан біз осындай он шақты атауды табамыз. Аталмыш еңбекте қылқобыз, шаңқобыз, тілқобыз, домбыра, сыбызғы, сырнай, керней , дауылпаз, шыңдауыл,уран суреттеліп жазылған.

Ә. Марғулан кейбір этнографиялық материалдаға сүйене отырып, қазақтың музыкалық аспаптарының дамуы жөнінде маңызды мәліметтер берілді.

Біз Шоқан еңбектерінен өзімізге таныс музыкалық аспаптар домбыра, қылқобыз, сыбызғы туралы мағлұматтармен қатар, осы кезде ұмыт болған шыңдауыл,мүйіз сырнай, асатаяқ, хонбе сияқты аспаптар жайында да құнды деректерді таныдық. Олардың Шоқанның еңбектерінде сипатталып жазылуы музыкалық аспаптар дамуы тарихынан көптеген сыр шертеді.

Қазақтың классикалық дәстүрлі музыкасы телегей –теңіз ғажайып рухани мұра. Ол ата-бабаларымыз жасаған көшпелі мәдениетінің құндағында «Аттың жалында, атанның қомында» дүниеге келіп, енді біздің өмірімізбен біте қайнасып, ХХ ғасырда да ілесіп жүрді. Ол бір ғасырға жуық біздің урбанизацияланған мәдениетіміздің жаңа кезеңінде өзінің айрықша келбетін, қайталанбас құндылығын аша түсті.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. В.Виноградов. «Қырғыздың халық музыкасы» Фрунзе 1958 ж, 71 бет.
2. Ежелгі түрік сөздігі. (ЕТС) 34, 35, 37, 38 беттер.
3. «Дивону лугатит турк» индекс сөздік, Ташкент 1967 ж, 202 бет.
4. Ф. Кароматов «Өзбектің аспаптық музыкасы» Ташкент,1972 ж, 4бет.
5. Әл -Фараби «Музыка туралы трактат» Алматы 1975 ж.
6. А. Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» Алматы 1925 ж II басылым..
7. Ш.Уалиханов. «Шығармалар жинағы» 1,3,4 томдары.

8. К.Вертков, Г.В.Благодатов, Э.Язовицкая. «СССР халықтары музыкалық аспаптарының атласы» М. 1963ж. 137-145 беттер.
9. Алтайлықтардың музыкалық аспабы.
10. П.Паллас.Россия империясының әр қилы провинцияларына саяхат. СПб. 1773 ж. 3-бөлім.
11. Үлкен Совет Энциклопедиясы, 43-том, 359-бет.
12. Үш ғасыр жырлайды. Алматы. 1965 ж. 271-бет
13. Құрманғазы. «Күйлер» Алматы Білім баспасы. 2007ж. 3-бет.
14. Б.Сарыбаев. «Көне музыкалық аспаптар» Интернет материалы.
15. А.Жұбанов «Ғасырлар пернесі» Алматы. т.б

PEDAGOGICAL SCIENCES

Problems of training of specialists

Balgaraeva Nazym Talgarkyzy

Student, Korkyt Ata Kyzylorda University

(Kyzylorda, Kazakhstan)

NEWS OF MODERN SCIENCE

The beginnings of modern science were laid in Europe in the period of the XV-XVII centuries. Being a special form of knowledge of the world and its transformation, science has formed an understanding of what the world is, nature, how man can and should treat them. It is obvious that a scientific view of the world could be established in society only because it was already ready to take this view for granted. Consequently, during the period of destruction of the system of feudal production in society, a new view of the world, nature is formed in comparison with the Middle Ages, which in essence coincides with the scientific one. Modern science in many ways is significantly, radically different from the science that existed a century or half a century ago. Its entire appearance and the characteristics of its relationships with society have changed. It should be noted that there are still three main concepts of science: science as knowledge, science as an activity, science as a social institution. Modern science represents with the organic unity of these three points. Here activity is its basis, a kind of "substance", knowledge is a system-forming factor, and a social institution is a way to bring together scientists and organize their joint activities. These three points make up the full definition of modern science. The first concept - science as knowledge - is considered with a centuries-old tradition as a special form of public consciousness and represents some system of knowledge. That's how Aristotle and Kant understood science. Such an understanding has been almost the only one for a long time.

The logical and epistemological interpretation of science determines both socio-historical conditions and the level of development of science itself. In fact, those aspects of science that have emerged in the past have been absolutized here, in the early stages of its existence, when scientific knowledge seemed to be the fruit of purely spiritual efforts of a thinking individual, and social determination of scientific activity could not yet be discovered with sufficient completeness. This concept cannot alone

reveal the full definition of modern science. If science is considered only as a system of knowledge, there are some shortcomings. And the thing is that such a direction in science (reliance only on reliable proven facts, knowledge) is quite unambiguous and limited. Its social nature, creators, material and technical base escape from researchers, opportunities for a deeper and more comprehensive study of the specifics, structure, place, social role and functions of science. All this led to the need to develop a different concept of science, to strengthen the study of the activity and social aspects of this social phenomenon.

The functions of science as a social force in solving the global problems of our time are very important. Environmental issues can be cited as an example here. As it is clear, rapid scientific and technological progress is one of the main reasons for such dangerous phenomena for society and humans as the depletion of the planet's natural resources, pollution of air, water, soil. Consequently, science is one of the facts of those radical and far from harmless changes that occur today in the human environment. Scientists themselves do not hide this either. Scientific data also play a leading role in determining the scope and parameters of environmental hazards.

Science as a social institution is a social way of organizing joint activities of scientists who are a special socio-professional group defined by the community. Institutionalization of science is achieved through well-known forms of organization, specific institutions, traditions, norms, values, ideals, etc. The purpose and purpose of science as a social institution is to produce and disseminate scientific knowledge, develop research tools and methods, reproduce scientists and ensure that they perform their social functions. During the formation of science as a social institution, material prerequisites ripened, a necessary intellectual climate was created, and an appropriate system of thinking was developed. Of course, scientific knowledge was not isolated from rapidly developing technology at that time, but the connection between them was one-sided. Some problems that arose in the course of the development of technology were the subject of scientific research and even gave rise to new scientific disciplines. This was the case, for example, with hydraulics and thermodynamics. Science itself did not give much to practical activities - industry, agriculture, medicine. And it was not only that the practice itself, as a rule, did not know how to, but had the need to rely on the gains of science or at least just systematically teach them. Today, in the context of the scientific and technological revolution, the naauki is increasingly clearly discovering another concept, it acts as a

social force. This is most evident in those numerous situations today, when the data and methods of science are used to develop statistical plans and programs of social economic development. When drawing up each such program, which usually defines the goals of many enterprises, institutions and organizations, the direct participation of scientists as holders of special knowledge and methods from different fields is essential. It is also significant that due to the complex nature of such plans and programs, their development and implementation involve the interaction of social, natural and technical sciences.

Researchers distinguish four social functions of science:

Cognitive. It consists in knowing the world, its laws and phenomena.

Educational. It consists not only in learning, but also in social motivation, development of values.

Cultural. Science is a public domain and a key element of human culture.

Practical. The function of producing material and social goods, as well as applying knowledge in practice.

The implementation of complex scientific programs gives rise to a special situation of connection in a single system of activity of theoretical and experimental research, applied and fundamental knowledge, strengthening the interaction of ideals, norms and methods of cognition established in various disciplinary fields of science, which is associated with a change in understanding of the object of study. The object of classical science was simple systems, since it was believed that a complex problem (or system) did not contain any additional circumstances other than those that are formed when it is decomposed into simple components. Consequently, a complex system was not considered as an integrity with its own quality.

Modern science is characterized by the adoption of the idea of sociocultural conditionality of science, scientists turn to the traditions of oriental thinking and its methods, recognizes not only strength, but also the weakness of European rationalism and its methods. The ideal of modern science is embodied in an approach that combines strict mathematical and physical models of understanding reality with the science of society. In modern science, the strategy of experimentation is changing, the importance of the experiment as repeatedly repeating a series of the same results is being reinterpreted.

Таттымбетова Макпал Хасеновна, Байқожа Гулназым Мажитқызы

воспитатели КГКП ясли - сад "Балақай"

г. Караганда, Казахстан

THE ACTIVITY OF TEACHERS IN THE DEVELOPMENT OF ETHNO-CULTURAL COMPETENCE OF PRESCHOOLERS

Currently, the Republic of Kazakhstan is a multi-ethnic state. In addition to Kazakhs, representatives of other nationalities live here, who preserve their linguistic, historical, and cultural values. For this reason, the field of education is aimed at educating a multicultural personality, ready for interethnic cooperation and able to effectively carry out intercultural interaction.

According to the definition of O. V. Gukalenko, "multicultural education is the process of forming and developing young people's ideas about the diversity of cultures in the world and their country, fostering a tolerant attitude to cultural differences, developing skills and productive interaction with representatives of other cultures" [1].

The urgency of this problem is due to the partial isolation and fragmentation of ethnic groups in our society. For this reason, the number of conflicts at the national level is increasing. Considering the above, the country's education system is aimed at uniting an ethnically diverse Kazakh society that shares unique values; capable of fostering respect for its native language, native culture, as well as the cultures of other ethnic communities; possessing the skills of ethno-cultural competence, capable of instilling a culture of interethnic communication for both children and adults, a difficult task has been set. [2] According to American writer J. Banks' definition: "multicultural education is not only an ethnic phenomenon, but also a process aimed at preparing active citizens, patriots in a threatening and troubled world" [3].

Konovalova L. V. considers ethno-cultural competence as an integrative professional and personal quality of a professional, manifested in the totality of knowledge about the tolerant attitude towards people of different nationalities from the

point of view of pedagogy; the ability to tactfully and empathize with the interests and actions of other ethnic cultures; readiness for effective professional activity in a multi-ethnic society based on intercultural dialogue [4].

Much in solving these issues depends on the teacher, his propensity to work in a multicultural space and everyday intercultural dialogue, the level of professional training in this field, his personal abilities, knowledge of the progressive educational potential of traditional folk culture, the ability to integrate the rich experience of the formation of spiritual values into modern requirements [5]. Of course, "the teacher is the breath of the school. Important changes to improve the school should be reflected by each teacher at the lesson level. It is impossible to create a good school without good teachers, because it is impossible to create an association of professional education without professional teachers" [6].

In this direction, ethnopedagogy occupies a leading place in the process of professional and pedagogical training of specialists. Ethnopedagogy is an interdisciplinary science aimed at preserving and transmitting to future generations the language, traditional folk culture, progressive traditional practice of educating ethnic groups, methods and means of forming the ethnic identity of new generations.

The ethno-pedagogical concept of the Republic of Kazakhstan notes the need to create favorable conditions for the development of a socially responsible person who feels like a citizen of Kazakhstan, a carrier of the unique culture of his people.

In our opinion, teaching ethnopedagogy should be aimed at solving the following tasks:

- mastering the theoretical foundations of ethnopedagogy, which allow teachers to effectively build educational work with children;
- getting information about folk pedagogy and the ideas of outstanding teachers;
- mastering the role of folk pedagogy and folk culture in improving the education and upbringing of the younger generation at the present stage;

- mastering the skills of working with children on the principles of tolerance, respect for one's own and other folk culture in the conditions of multinational collectives;

- development of self-study skills to study the sources of ethnopedagogy, their analysis and formation of teachers' methods and techniques for integrating advanced traditional folk knowledge about the upbringing and teaching of children to the modern educational process.

So, in the course of the study, we were faced with the task of solving the problem in two directions. These issues include increasing the ethnocultural competence of teachers and their mastery of technologies in the field of multiethnic education, which contributes to the development of ethnocultural awareness of preschool children. The work for this purpose was carried out in three directions:

1. educational activities in the organization of permanent seminars, workshops, lectures, consultations, etc. on the basis of preschool educational institutions.

2. participation in ethno-cultural events held by various departments, institutions and organizations and additional training in the course of training;

3. self-education, which includes the study of scientific and pedagogical literature, advanced pedagogical experience and the experience of colleagues on the problem of experimentation.

As for the first direction, in the course of experimental work, various forms of pedagogical councils were carried out, such as:

- Pedagogical Council with the participation of speakers-specialists on the topic: polyethnic education: essence, problems, prospects;

- Workshop on the topic: " methodological approaches and means of introducing children to ethno-cultural diversity";

- Pedagogical Council in the form of collective creative activity" problems of development of ethnocultural competence of preschool children".

In addition to traditional practice-oriented types of work (seminars, open events, etc.), the teaching staff also conducted such effective types of work as ethno-cultural

competence training, organizational and action games on the topic "development of ethno-cultural competence and tolerance of children in a playful form".

The second direction was implemented during the participation in scientific and methodological conferences of various levels organized by the staff of the assembly of people of Kazakhstan.

Self-education of educators was carried out according to individual plans and included the study of special literature, as well as work to consider practical forms of working with children.

In conclusion, we would like to note that teachers of all generations of the educational system of our multicultural country are often forced to work in multinational children's and youth teams. In this context, it is important that the teacher's professional training is filled with ethnopedagogical content and considered as a priority area of professional and pedagogical education. In our opinion, the implementation of the ethnopedagogical component in the education of the future teacher will help him form the spiritual values of children and youth and will become a means of introducing the younger generation to their own, national and world culture, contributing to the formation of a sense of national pride, love for the motherland, active patriotism, culture of interethnic communication and integrating the individual into the modern multicultural educational space.

References

1. Gukalenko O.V. Polikul'turnoe obrazovanie: problemy i perspektivy. – Doshkol'noe vospitanie, 2016. – 9 p.
2. Praliev S. Kul'turnyj kod nacji. - Kazahstanskaya pravda, 17sentyabrya, 2014
3. Banks Dzh. A. Mul'timadeni bilim beru: Damu. Olshemder men maseleler. - Fi Del'ta Kappa, 1993. - 22 p.
4. Konovalova L.V. Formirovanie i razvitie etnokul'turnoj kompetentnosti pedagogov v processe nepreryvnogo obrazovaniya. Avtoref. Dis. d-ra ped. nauk: 13.00.08 / L.V. Konovalova. – Velikij Novgorod, 2011. – 39 p.

5. Astashova N. A., Bondareva S. K., ZHuk O. L. Podgotovka budushchego uchitelya k realizacii idej polikul'turnogo obrazovaniya v dialogovom obrazovatel'nom prostranstve. - *Obrazovanie i nauka*, 2019. - 27–50 p.

6. Dyufo R., Iker R. Jumystağy kásibi bilim berý qaýymdastyqtary: oqýshylardyń úlgerimin arttyrýdyń eń jaqsy tájiribeleri - Blumington, Indiana: Ulttyq bilim berý qyzmeti, 1998. – 233 p.

«Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 1 курс студенті Төлеуханова

Адель

Өскемен қаласы С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан Университеті

ТІЛ ҮЙРЕНУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯ

Кез-келген жастағы адамның тіл үйрену үрдісіндегі психологиялық сипаты, оқу барысындағы психологиялық процестер, тұлға мен мұғалім арасындағы шет тілдерін оқыту процесіндегі сипатының өзара әрекеттесуі, жеке тұлға ретінде өркендеуіне мүмкіндік беретін психологиялық факторлар туралы талқыланады.

Қазіргі таңда бір салада ғана шындалу аздық етеді. Өйткені өмірлік даму кезеңінде әртүрлі жағдайларға тап болмау кепілдік бермейді. Осыған орай қазіргі уақытта жоғары білікті маман иесі болу сіздің біліміңіздің тар саласында кәсіби болу ғана емес, сонымен қатар шет тілдерін білу дегенді білдіреді. Жалпы өзге елдің тілін меңгеру – бұл лингвистикалық қабілеттердің жетілдірілуінде, сөйлеу әрекеттерінің күрделіуінде, адам баласының жеке тұлға ретінде көптеген жақтарын байытудағы күрделі процесс. Әлемдегі ең ірі Ethnologue тілдер каталогының мәліметтері бойынша, 2022 жылғы жағдай бойынша жер бетінде 142 түрлі тілдік отбасыларға жататын 7151 тіл бар. Шет тілдерін оқыту тарихына келетін болсақ, оның адамзат тарихына ұқсас ескі екенін байқай аламыз. Мысалы өзге тілдерді үйрену қажеттілігі латын тілінен туындады. Себебі бұл тіл ұзақ ғасырлар бойы білім беруде, саудада, дінде, әртүрлі мемлекеттер арасындағы саяси қақтығыстарда басым болды. Кейінірек оны француз, итальян және ағылшын сияқты басқа тілдер ауыстырды. Ал қазір байқайтын болсақ, латын тілі қолданыста мүлде жоқ десек те болады.

Адамдардың көбі демей-ақ қояйын, бірақ олардың көп бөлігі тіл үйрену мәселесіне келгенде, “тілге қабілетім жоқ”, “бала кезден жақсы үйрене аласың, есейген сайын тіл үйрену қиындайды” немесе “есте сақтау қабілетім жеткіліксіз” деген сияқты сан-түрлі қисаң қағидаларды ұстанады. Бұндай пікірлер тек біздің санамызда. Адам қаласа, өзінің миындағы шектеулерден асып, өзі сенбейтін биік белестерге жетеді. Осы орайда, “Кім қалайды сол мүмкіндіктер іздейді, ал кім қаламайды сылтау іздейді”- деген Сократ атамыздың сөзі тұспа тұс келеді. Ал оған көнбей, бүгінгі күнге дейін өзінің қандайда бір тілді үйрене алмағанына оқулықты, мұғалімді, тіпті қоршаған ортасын кінәлап, нешестүрлі себептерді айтатындар толып жатса, Роджер Крез бен Ричард Робертстің “Becoming Fluent. How Cognitive Science Can Help Adults Learn a Foreign Language” (Ересек адамдарға арналған: шет тілі кез келген жаста жаңа тілді қалай үйренуге болады) кітабын оқуға кеңес берер едім. Бұл кітапта есейген сайын тілді үйрену мүмкін

емес деген сияқты ойлардың қате екендігін түсіндіре отыра, қоғам арасында тілге байланысты қалыптасқан көптеген стереотиптерге нақты жауап қарастырылады. Не себепті бұл кітап деп ойлау қалыпты жағдай. Бұл жерде тіл үйренуге қатысы бар металингвистика терминін байқаймыз. Ол деген адамның тіл үйренуі туа біткен емес, жүре келе қалыптасатын қасиеті екенін баяндайды.

Ал мұғалім мен білім алушының арасындағы өзара оқыту процесіне келетін болсақ, білім беруші білім алушының назарын өзіне деген сенімділік сезімін тудыру арқылы, оқушының жас ерекшелігіне баса назар аударуымен заманауи әдістерді қолдану арқылы, аудиторияның назарын өзіне қарата алуы, міне осылар шет тілін оқыту процесінде психологиялық факторлардың өзектілігі ретінде саналады. Сондықтан болашақ шетел тілінен білім беруші осы қағидаларды терең меңгеруі, оқушының сол алған біліміне қанағат тұтынуымен пара пар келеді. Лингвистика саласында бірге жүретін ол психолінгвистика, яғни тілдегі сөйлеу қызметінің құрылысын зерттеумен айналысады. Жалпы психолінгвисттер адам баласының сөйлеу мінез құлқын зерттейді, тыңдау және сөйлеу кезіндегі ақыл-ой процестерінің, әрекеттердің үлгілерін сипаттайды. Шет тілін оқыту кезінде танымдық іс-әрекеті қалыптасады, оның жолында білім алушы тілді меңгеріп қана қоймай, оның сөйлеу, оқу, тыңдау дағдысы дамиды. Өкінішке орай, шет тілін үйренушілердің сөйлеуге және тілді оқуға деген ұмтылысы әрдайым олардың соған деген қабілеттерімен сәйкес келе бермейді. Біріне оңай болса, біріне қиын. Сондықтан психологияның арқасында балаларды оқыту процесінде, олармен қарым-қатынаста, сонымен қатар шет тілдерін үйрену проблемасында туындайтын кейбір қиындықтарды түсіндіру жеңілрек болады. Психологиядағы темперамент бағыты да бұл салада өз рөлін атқарады. Жалпы оқушының темпераменті оның қабылдау, зейін мен есте сақтау ерекшеліктері және тілді үйренудегі қиындықтар арасында байланыс бар деген түсінік қалыптасқан. Мысалы, шет тілдерін үйренудегі ең үлкен қиындықты флегматик және меланхоник темпераменті бар адамдар алады деп болжайды. Оқу пәні ретінде шет тілі мектеп бағдарламасының басқа пәндерінен өте ерекшеленеді және осылайша оқушылар бұл пәнді оқуда біраз қиындықтарға тап болатыны анық.

Шет тілі шынымен күнделікті әрі жүйелі жұмысты қажет етеді. Ең бірінші керек нәрсе ол дисциплина немесе самодисциплина. Яғни, белгіленген тәртіп пен ережелерге міндетті түрде бағыну. Жетістікке жету жолында сізге неден бас тарту керек екенін және не рұқсат етілгенін анықтау керек. Тек содан кейін, сіз өз ережелеріңіз бен тәртібіңізге бағынып, белгіленген мақсатқа жете аласыз. Ол үшін ойыңызды бөлетін, концентрацияны жоғалтатын заттардан бас тарту керек боласыз. Тіпті егер сіздің ортаңыз артқа тартатын болса, олармен сөйлесуді тоқтатыңыз немесе өзіңізден алшақ ұстауға тырысыңыз. Әрине, олар сізге наразылық тудыртып, ренжуі қалыпты жағдай. Бірақ жетістікке жету үшін көп нәрседен бас тартуға тура келеді, кейін өзіңізге алғыс айтатын боласыз.

Білім беру процесінде педагогикалық психологияның рөлі. Педагогикалық психология адамның психикалық дамуының жас динамикасын, психикалық процестің онтогенезін және дамып келе жатқан тұлғаның

психологиялық қасиеттерін зерттейтін даму психологиясымен және жас психологиясымен тығыз байланысты. Онтогенез сөзіне анықтама бере кететін болсақ, ол жеке организмнің туылғаннан бастап, тіршілігінің соңына дейін барлық өзгерістердің, дамуына қатысатын оқиғалар тізбегінің жиынтығы. Көбінесе бұл даму тарихы қарапайымдылықтан жоғары күрделілікке көшуді қамтиды. Сонымен, барлық проблемалар дамудағы және жас психологиясында адамның жас ерекшеліктерінің ескеру негізінде қарастырылады. Педагогикалық және жас психологиясы өз зерттеулерінде жалпы психологиялық заңдылықтарды ашатын, психикалық процестерді, психикалық күйлерді және адамның жеке психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін жалпы психология теориясына сүйенеді. Педагогикалық психология XIX ғасырдың аяғында педагогика мен психологияда көптеген эксперименттер мен жетістіктер жүргізілген кезде дербес салаға айналды. Ол білім беру психологиясынан, тәрбие психологиясынан және мұғалім психологиясынан тұрады. Америка Құрама Штаттарында психологияның бұл саласы көбінесе білім беру психологиясы деп аталады. Білім беру психологиясы - бұл адамдардың білім беру мекемелерінде қалай оқитынын, білім беру тиімділігін, оқыту психологиясын және мектептердің ұйым ретіндегі әлеуметтік психологиясын зерттеу. Педагогикалық психология оқушылардың оқу және даму жолымен айналысады, көбінесе дарынды балалар мен ерекше бұзушылықтары бар адамдар сияқты кіші топтарға назар аударады.

Оқу процесін ұйымдастыру. Оқу процесін ұйымдастыра отырып, білім беруші оқытудың психологиялық аспектілеріне назар аудара отырып, оқу материалы мен әдістемесін оқушылардың физикалық дамуына бейімдей отырып, тәрбие принципін қолдануы керек. Оқыту процесінің екі негізгі аспектісі бар - оқыту және тәрбиелеу, олар бір-бірімен тығыз байланысты. Оқытудың мақсаты - оқушының жеке басын дамыту. Оқыту оқушының дағдылары мен дағдыларын жетілдіре отырып, көбірек білім беруі керек. Оқыту мен тәрбиелеудің сәтті процесі үшін білім беруші білім алушының осы екі аспектінің даму кезеңін дұрыс түсініп, оны шет тілін меңгеруге итермелеу керек. Мұны жұмыс кезінде тәсілдерді таңдағанда, жаттығуларды, мәтіндерді таңдағанда ескеру қажет. Тілді сәтті меңгерудің келесі қадамы студенттердің назарында. Материалды жақсы көрсету және оқушылардың оны игеру үшін мұғалім зейінді бағыттау процесімен және осы сабақтың материалын игеру процесімен байланысты психологиялық теориямен таныс болуы керек. Сонымен қатар, әр мұғалім үшін оқушылардың назарын аудару өте маңызды. Ол үшін мұғалім әртүрлі оқыту әдістерін қолданады. Осылайша, көрнекі құралды дәл уақытында пайдалану бұл жағдайда үлкен көмек болып табылады. Сондай-ақ студенттердің назарының зерттелетін материалға деген қызығушылыққа тәуелділігін атап өткім келеді. Әр мұғалімнің мақсаты - ұсынылған материалға деген қызығушылықты ояту. Мұнда психологиялық білім көмектеседі, өйткені оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін мұғалім оқушылардың психикасының жағдайын алдын ала білуі керек. Қызығушылықты екі фактор тудыруы мүмкін: білім алуға деген мотивация және бір нәрсеге жағымды эмоционалды көзқарас. Біз

қызығушылықты әрдайым практикалық және тиімді іс-әрекетте пайда болатынын байқадық, ал егер оқушылар зерттелген материалды түсініп, оны игере алса, білім алуға мотивация пайда болуы мүмкін. Бұл процестің маңызды факторлары мұғалім тұлға ретінде, оның оқушыларына деген көзқарасы мен сезімі және материалды беру тәсілі, оқушыларға ең жақсы көзқарасты табу қабілеті болып табылады.

С.Харджоно оқушылардың түсінуі керек деп түсінікті екі түрге бөледі: жалпы түсінік және нақты түсінік. Егер оқушылар тек жалпы түсінікке ие болса, олардың білімі үстірт болады. Ал керісінше, егер оқушылар нақты түсінікке ие болса, олар тек кейбір білімге ие болады. Мысалы: мұғалім шет тілінде күрделі сөйлем айтады. Егер мұғалім оның аудармасын берсе, оқушылар сөйлемді тұтастай түсінеді, керісінше, егер мұғалім оқушылардан сөздердің мағынасын, грамматикасын және т.б сияқты нұсқаларға ғана назар аударуды сұраса, оқушылар бүкіл сөйлемді түсінбейді. Бұл мұғалім оқушыларға оқығандарынан нәтиже алуға мүмкіндік беру үшін материалды түсінудің осы екі аспектісіне де назар аударуға тырысуы керек дегенді білдіреді.

Зерттеуден шет тілдерін оқыту тек педагогикалық ғылымның негізгі принциптеріне ғана емес, сонымен қатар психологиялық ғылым принциптерін қолдануға негізделген болса, тиімдірек болады. Өйткені оқытудың барлық түрлері психикалық аспектілермен байланысты.

Әдебиеттер:

1. Психологические аспекты изучения иностранного языка, Турбина Е.П.
2. Шет тілін оқытуда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану, Сүлейменова.А. 2018.
3. Шет тілдерін оқытудың ерекшелігі, И.М.Берман.
4. Psychological aspects of teaching foreign languages, Yussupova, 2022.

Methodical bases of the educational process

Акпамбетова К.М.¹, Мухамеджанова М.Г.², Аманбек Ж.³

^{1,3}*НАО «Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова»,
Казахстан*

²*Областная специализированная школа-интернат-колледж олимпийского
резерва им. А. Молдагуловой, Казахстан*

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ГИДРО-МЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ТАБИҒИ-ТЕХНОГЕНДІК ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Табиғи факторлар. Гидрология және метеорология тұрақты қозғалыс пен өзара әрекеттесуде болады. Өзендер мен көлдердің жай-күйіндегі барлық өзгерістер олардың бассейндері аумағындағы ауа-райының өзгеруімен байланысты. Метеорологиялық факторлардың әсерінен дамып келе жатқан гидрологиялық процестер бірден пайда болмайды - үлкен бассейндегі нөсердің салдарынан болатын су тасқынының ұзақтығы жаңбырдың ұзақтығынан әлдеқайда көп. Гидрологиялық процестердің метеорологиялық процестермен салыстырғанда баяу дамуы гидрологиялық болжамдарды жақсы уақыт өткен сайын құруға мүмкіндік береді. Ауа-райының болашақ жағдайын білместен, яғни метеорологиялық болжамдарсыз, деңгей, ағыс, мұз қабатының пайда болуы мен жойылуы туралы болжамдар мүмкін емес [1].

2015 ж. Қарағанды облысындағы су тасқыны Қазақстандағы ең жаһандық төтенше оқиға болды (1 кесте). Көктемгі су тасқыны соңғы 200 жылда ең күшті табиғи аномалия деп танылды. Су тасқыны жүздеген үйлердің бұзылуына және адамдардың қаза болуына әкелді. Автожолдар мен көпірлер шайылып, аймақ тұрғындарының мүлкіне келтірілген шығын 500 млн теңгеден асты. Табиғи апаттан зардап шеккен адамдар әлі күнге дейін бастан кешкен күйзелістен қалпына келе алмайды.

2015-2018 жылдардағы су тасқынының негізгі көрсеткіштерін салыстыру

10.03 жағдай бойынша қардағы су қоры, нормадан % - бен			
2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
119	108	163	109

Нұра, Есіл өзендері Қазақтың ұсақ шоқыларынан бастау алады, тауларының биіктігі 1000-1500 м. Климаттың өзгеруіне байланысты ауа-райының күрт өзгеруі байқалады: біресе жылы, біресе суық. Қарағанды облысына алдымен жылу келді, жер әлі де қатып тұрды, су ағып, қатып қалды. Төменде мұзды мұз пайда болды, содан кейін қайтадан суық, қайтадан күрт жылу пайда болды. Осы мұз арқылы су арналық желіге түсіп, осындай қуатты сирек су тасқыны пайда болды [2].

2015 -2018 жылдарды салыстыра келе 2015 жылғы су тасқынының аномалды құбылыстардың әсерінен ауа температурасының күрт жылынуымен қар суларының тез еріп, ал топырақ қабатың қатуы кезіндегі су тасуына себепші болған. Қар сулары Нұра, Шерубайнұра, Сарысу, Матақ, Көкпекті, Соқыр, Үлкен-Құндызды және тағы басқа өзендерінің арналарына қосылып, судың тасуына әкелді. Оның салдарынан көптеген ағаштардың құлап сынуына, тұрғын үйлердің су астында қалып қирауына, көлік жолдарының бұзылуына және тағы басқаға әкеліп соқты (2 кесте).

№	Метеостанциялар-дың атауы	Топырақтың қату тереңдігі (см)			
		2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
1	МС Қарағанды	58	52	86	135
2	МС Қызылтау	84	27	97	136
3	МС Кертінді	108	86	134	-
4	МС Киевка	99	86	134	150
5	МС Балқаш	62	19	45	-

6	МС ҚарағандыСХОС	127	114	104	150
7	МС Осақаровка	62	32	98	144
8	МС Корнеевка	147	105	139	145

2015 жылы гидрологиялық және метеорологиялық бақылау пунктерінің жетіспеушілік салдары да сабепші. Осыған орай “Қазгидромет” РМК Қарағанды облысы бойынша филиалы 2020 жылы 8 гидробекетін ашты, өзен арналарындағы бекеттерден беріліп жатқан бақылаулардың көктемдегі су тасқынын толық гидрометеорологиялық болжамға толық шолу жасау мақсатында 2021 жылы тағыда 2 гидрологиялық бекет ашылды. Сонымен қоса гидрологиялық бекеттерге планшеттер жеткізіліп, интернет арқылы гидрологиялық сайтқа күнделікті өзеннің немесе көлдің су деңгейі жіне онкүндік су шығыны енгізіледі. Метеорологиялық станцияларына автоматтандырылған құрылғыларды 2021 жылы енгізілді. Автоматтандырылған құрал-жабдық 24 сағат бойы жұмыс жасап автоматты түрде инженер-метеорологтардың программаларына күнделікті түсіп отырады. Осы апараттар арқылы күнделікті гидрометеорологиялық жағдайды біліп отыру шаралары арқылы болдырмау мүмкіндігі бар.

Нұра өзені - Балықты станция гидрологиялық бекеті бойынша су тасудың басталу күндері:

3 кесте

Су тасқынының басталу күні Нұра өзені- Балықты станция гидрологиялық бекеті бойынша			
2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
10.04	27.03	04.04	23.03

4 кесте

Судың максималды шығыны Нұра өзені- Балықты станция			
2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
12.04-1880 м ³ /сек	03.04-224 м ³ /сек	15.04- 548 м ³ /сек	27.03-323 м ³ /сек

5 кесте

Судың максималды деңгейі Нұра өзені-. Балықты станция Қауіпті деңгей – 700 см			
2015 г.	2016 г.	2017 г.	2018 г.
1043 см	539 см	719 см	586 см

Облыстың су көздері: Шерубайнұра және Соқыр негізгі салалары бар Нұра өзені, Қара-Кеңгір және Жезді салалары бар Сарысу өзені, Ертіс-Қарағанды каналы, Есіл өзені, Балқаш көлі болып табылады. Өңір өзендеріне техногендік әсер ету судағы әртүрлі ластаушы заттардың жоғары болуына әкелді: Қара-Кеңгір және Жезді өзендері аммиак селитрасының жоғары құрамымен (8,7% дейін) сипатталады, Нұра (кесте 3, 4 және 5 жалпы сипаттамасы айқын көрінеді), Шерубайнұра, Соқыр өзендері мұнай өнімдерінің жоғары құрамымен (2,4% дейін), аммиак селитрасымен (8% дейін), нитриттермен (8% дейін) сипатталады, органикалық заттар (2,5% дейін) [3]. Ластану дәрежесі бойынша облыстың су объектілері - әлсіз және орташа ластанған су кластарына жатады. Сонымен бірге аймақтың беткі су қоймаларына техногендік әсер судағы аммоний азоты, мұнай өнімдері, нитриттер, органикалық заттар және басқалар сияқты әртүрлі ластаушы заттардың көбеюіне әкелді.

Ластану дәрежесі бойынша облыстың су объектілері әлсіз және орташа ластанған су сыныптарына жатады. Соңғы жылдары жер үсті су қоймаларына түсетін жеткіліксіз тазартылған сарқынды сулардың көлемі азайды. Сонымен қатар, бірқатар тазарту құрылыстарын салу, реконструкциялау және кеңейту мәселелерін кідіріссіз шешу қажет бірқатар объектілер бар.

Қарағанды облысының жер қоры шамамен 43 млн.га құрайды, тау-кен жұмыстарының, жер бедеріне минералданған шахта суларын ағызудың, желілік құрылыстар салудың, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қоймалау технологиясындағы бұзушылықтардың, улы химикаттарды дұрыс сақтамау мен қолданудың нәтижесінде жердің бұзылуы мен тозуы орын алады. Бүлінген жерлердің ауданы шамамен 45 мың га құрайды, оның ішінде - шамамен 13 мың га пайдаланылған бүлінген жерлердің қолда бар алаңдарына қатысты рекультивация қарқыны жеткіліксіз болып қалуда [4].

Қарағанды облысы қоршаған ортаға әсер ету күші бойынша бірегей болып табылады. Қазақстан Республикасының бірде-бір облыс осындай техногендік жүктемені, үш полигонды-екі зымыранды (Байқоңыр және Сарышаған қалалары) және Семей ядролық полигонын сезбейді. Алғашқы екі полигонның әсері облыс аумағына зымырандардың бөлінетін бөліктерінің және олардың фрагменттерінің құлауымен, жердің зымыран отынымен және оның құрауыштарымен ластануымен байланысты; Семей ядролық полигоны облыстағы радиациялық жағдайдың күрделілігін анықтайды.

Техногендік факторлар. Жаһандық климатты бақылауға байланысты оның өзгеруін дұрыс бағалаудың өзектілігі артады. Соңғы жылдары метеостанциялардың айналасындағы ірі қалаларда антропогендік әсер күшейе түсті, бұл климаттық бақылау қатарларының біркелкілігінің себептерінің бірі болып табылады.

Тұщы су ресурстарын антропогендік қайта бөлуде, бөгет салу кезінде басты мақсат мелиоративті шаралар емес, ГЭС құру болса да, құрылған су қоймалары үлкен рөл атқарады. Құрғақ жерлерде су қоймаларын салу тұщы су қорларының жетіспеушілігін өтеуге, едәуір жер алқаптарын су ару үшін, өнеркәсіптік және тұрмыстық қажеттіліктер үшін су қорын алуға, көрші аймақтың климатын біршама ылғалдандыруға және жұмсартуға мүмкіндік береді. Алайда, белгілі бір экономикалық нәтиже бере отырып, су қоймалары қоршаған ортаға әсер етуде

бірқатар жағымсыз, көбінесе бағдарламаланбаған және ескерілмеген салдарларды тудырады [5].

Су қоймаларын салу кезінде судың ағысы, турбуленттілігі күрт төмендейді, су алмасу азаяды, тоқырау аймақтарының пайда болуы үшін жағдайлар жасалады. Су басқан құнарлы топырақ пен өсімдіктер суды көптеген қоректік заттармен байытады. Бұл судың гидрохимиялық құрамының өзгеруіне, су қоймаларында патогендік бактериялар мен балдырлардың дамуына қолайлы жағдайлар жасауға әкеледі [6].

2015 жылғы 31 наурызда Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі "Су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары қауіпсіздігінің критерийлерін бекіту туралы" бұйрыққа қол қойды. Осы су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары қауіпсіздігінің өлшемдері мониторинг процесінде Қазақстан Республикасындағы су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының су тіреуіш гидротехникалық құрылыстары жай-күйінің негізгі бақыланатын және бақыланатын техникалық көрсеткіштерін белгілейді. Өлшемдердің сандық және сапалық мәндері құрылыс жобасының құрамында олардың сипаттамаларын, пайдалану шарттарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес әзірленеді 3.04-01-2008 "Гидротехникалық құрылыстар. Жобалаудың негізгі ережелері" [7]. Қарағанды облысында гидротехникалық қондырғыларымен Федоров су қоймасы, гидротехникалық қондырғыдарымен Саран су қоймасы, Ботақара ауылындағы 800 метрлік плотина, Ботақара су қоймасындағы Ботақара өзені бойындағы 2,5 км қашықтықты құрайтын су бөгеті, Петров ауылдық округіндегі плотина, Шалғын ауылындағы гидротехникалық қондырғыларымен Шалғын су қоймасы, «Калинино», «Тихоновка», «Промежуточная», «Бесбатыр», «Сарыөзек», «Кеңасу», «Ақжарық» және басқа плотиналар облыстық коммуналдық меншікке беріледі [8].

Сонымен бірге облыстағы ірі су қоймалары Самарқанд, Шерубайнұра, Қара-Кеңгір, Ынтымақ және т.б. бар. Су қоймалары мен плотиналарымен шектелмей

Қарағанды қаласына жақын орналасқан Көкпектідегі антропогендік құрылған бөгеттің өзі Көкпекті өзенінің су деңгейін, су ағысын деформацияланады. Көкпекті өзені төменгі ағысында Нұра өзеніне барып құйылуы керек көп мөлшерде, дамбаның көктемде жабылып қалудан судың барлық көлемі бөгетке қарай ағып кетеді. Көкпекті өзені-Көкпекті ауылының гидрологиялық бекетінде бұл бөгет ауыл тұрғындарының ауыл шаруашылығына арналған, яғни бау-бақшаларды су аруға арналған, күзгі кезеңде бөгет ашылып, су ағызылады, көктемгі кезеңде бөгет жабылады су деңгейін көтеру үшін.

2021 жылы екі гидрологиялық бекеттің Көкпекті өзені - Көкпекті ауылы мен Шерубайнұра өзені - Ақсу-Аюлы ауылында ашылды, ал 2020 жылы ашылған Үштау ауылындағы гидрологиялық бекет Жарлы өзені - Жарлы ауылына көшірілді. Тағы бір маңызды мәселе - Нұра өзенінің төменгі шөгінділерін сынаптан тазарту. Нұра өзенінің жайылмасын демеркуризациялау мәселесі негізгі міндеті Астана қаласы мен Теміртау қаласы-Қарағанды өнеркәсіптік ауданын ауыз сумен қамтамасыз ету болып табылатын ҚР Үкіметі бекіткен шатырлы жоба құрамында шешілуі мүмкін.

Қарағанды облыстың көмір кәсіпорындарымен жыл сайын шамамен 30 млн.м³ жоғары минералданған шахта сулары жер бетіне айдалады, олардың жартысына жуығы жер бедеріне, жер үсті су айдындарына және әртүрлі сүзгіш жинақтауыштарға ағызылады. Бірақ көмір өндіру көмір өндіруші және өңдеуші кешеннің қоршаған ортаға көп жоспарлы теріс әсерімен қатар жүреді және сайып келгенде, көмір:

- табиғи ландшафтардың, жер үсті және жер асты суларының гидрогеологиялық режимінің бұзылуы;
- өзендердің су жинау алаңдарының тау жыныстары эрозиясы өнімдерімен ластануына;
- жер үсті және жер асты суларының химиялық ластануына;
- ауа бассейнінің зиянды заттар шығарындыларымен және үйінділер шаңымен ластануы;

- елеулі аумақтарда топырақ және өсімдік жамылғысын жою;

- ауыл шаруашылығы жерлерін тұқымдық үйінділермен, гидроүйінділермен, шлам қоймаларымен алмастыру.

Көл суының деңгейі айтарлықтай төмендегені байқалады. Балқаш көлі (341 м - сыни деңгей, 2017 жылғы жазда - 341,57 м.) су деңгейінің орташа төмендеуі 3 м-ге, көлдің тұщы бөлігінде тұз мөлшерінің 2 есе (1000 мг/дм³-ден 2200 мг/дм³-ге дейін) ұлғаюы. Бұл Қапшағай ГЭС Іле өзені ағынын ғылыми негізсіз реттеу, көптеген ирригациялық жүйелердің құрылысы, су өткізу технологиясының бұзылуы нәтижесінде Балқаш көлінің табиғи су теңгерімінің бұзылуына әкеліп соқты. Бұдан басқа, мәселенің екінші жағы Балқаш көлі мен оған іргелес жатқан аумақтарға кәсіпорындардың шаруашылық, техногендік қызметіне әсер ету және Сарышаған әскери полигонын пайдалану болып табылады. Мұның бәрі қазіргі уақытта флора мен фаунаның айтарлықтай төмендеуіне әкеліп соқты, климаттық жағдайларға әсер етті [9].

Қорытынды. Су ағындарының ластану деңгейі осы өнеркәсіптік аймақтарда қолданылатын технологиялық процестердің мөлшері мен ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Соңғы уақытта шахта суларының үнемі ағып кетуіне байланысты жер үсті суларының, үлкен және кіші өзендердің ластануы артты. Бұл сулар жер асты суларын ластайды, жергілікті сулы аллювиалды-пролювиалды горизонтқа әсер етеді. Жер асты сулары шағын өзендердің орта есеппен 30% құрайды. Нәтижесінде жер асты суларының нитраттармен ластануы (8 ШРК дейін) және олардың жоғары тотығуы байқалады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Монокрович Э.И. Гидрометеорологическая информация в народном хозяйстве. Л. :Гидрометеоиздат,1980
2. Городецкий О.А., Гуральник И.И., Ларин В.В. Метеорология, методы и технические средства наблюдений. - Л.: Гидро-метеоиздат, 1991. – 326
3. Готюр И.А., Костромитинов А.В.Технология описания и раскодирования

метеорологических данных на основе алгебраического подхода. - Журнал Приборостроение. - Выпуск №1. - Стр. 6-11

4. Бейсенова Ә.С. , Карпеков Қ. Қазақстанның физикалық географиясы: Жалпы білім беретін мектептің 8- сыныбына арналған оқулық.- Алматы: Атамұра, 2012. 256 б.

5. Государственный водный кадастр Республики Казахстан, Ежегодные данные о режиме и ресурсах поверхностных вод и суши // Бассейны рек Нура и Сарысу, 2017 г.// г. Астана, 2019. - С.17-36.

6. https://ekolog.org/books/54/3_4_1.htm

7. СП РК 1.04-101-2012. Обследование и оценка технического состояния зданий и сооружений. – А., 2015. – 93 с.

8. <https://kaz.caravan.kz/zhangalyqtar/>

9. https://sostoyanie_vodnyh_resursov_karagandinskoy_oblasti)

Modern methods of teaching

Аскарова Гулфайруз Сапабековна

Текей батыр Қарнықұлы атындағы жоғары колледжі

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аннотация

Аннотация: Статъя об эффективности применения интерактивных методов преподавателем в процессе обучения.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріпжатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әртүрлі педагогикалық технологиялар мен әдіс тәсілдерді қолданудың маңызы зор. Солардың ішіндегі тиімді әдістердің бірі – интерактивті әдіс. «Интерактивті тәсілмен оқыту әдісі» дегеніміз не? Сабақ кезінде оқушылардың өзара және

оқушы мен мұғалімнің арасындағы қатынастың мейлінше көп болуын оқытудың және білім берудің интерактивті әдісі деп атайды.

«Интерактив» деген сөз - Interactive . Яғни, интеракция – жеке индивидтердің, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетте бір – біріне алма кезек әсер етуі.

Интерактивті оқыту – бұл таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Оқытудың бұл формасы алдына нақты және бағдарланған мақсат қояды. Сондай мақсаттардың бірі – оқу процесінің өнімділігін арттыратын оқушының ақыл – ой кемелділіктерін, өз жетістіктерін сезінетіндей жайлы жағдай тудыру.

«Интерактивті оқыту» 1990 жылдары интернет желісінің дамуымен байланысты пайда болды. Осыған орай көптеген ғалымдардың түсіндіруінше, интерактивті оқыту компьютер және интернет желісін пайдалану арқылы оқыту дегенді меңзейді.

Информатика бұл ұғымды «пайдаланушының бағдарламамен диалогі, яғни мәтіндік командалармен (сауалдармен) және жауаптармен алмасуы ретінде немесе кез – келген субъектілердің бір – бірімен өздеріне тиімді құралдар, әдістер арқылы полидиалогқа түсуі» деген мағынада қолданылады.

Сонда интерактивті әдістерге не жатады? Яғни, интерактивті әдістерге «Рөлдік ойындар», «Пікір сайыс», «Ойлан да, ойыңды айтып қал», «Айтарыңды айтып сал», «Ми шабуылы», «Мозговой штурм», «Кейс - стади», «Тренинг», «Жобалау әдістерін қолдану», «Дебат», т. б. жатады.

Италия ойшылы, философ Галилео Галилейдің «Сіз адамға ештеңе үйрете алмайсыз. Сіз тек қана оған өз мүмкіндігін пайдалануға көмектесе аласыз» деген сөзінің өзінен көп нәрсені аңғаруға болады. яғни, мұғалім біліммен қатар, бағыт – бағдар да беріп отыру керек. Интерактивті әдістің мақсаты жай ақпарат беріп қана қоймай, оқушыларды өздіктерінен жауап іздеуге бейімдейді. Интерактивті оқыту оқыту кезінде оқушының істі ұйымдастыра білу қабілетін де байқауға болады. Интерактивті әдістерді орнымен пайдалана алған жағдайда ғана оны тиімділігі мол. Сол себепті әдіскер – мамандар интерактивті әдістерді мынадай оқыту үрдісінде пайдалануды ұсынады:

- 1) Аудиториядағы дәстүрлі курстарда;
- 2) Мультимедиялық сыныптардағы дәстүрлі курстарда;
- 3) Гибридті курстарда;
- 4) Интернет арқылы нақты уақытқа құрастырған синхронды интерактивті курстарда;
- 5) Асинхронды талқылауға сүйенетін синхронды курс өткізуде;
- 6) CD немесе интернет көмегімен өз бетімен оқуда. Осылардың ішіндегі соңғы үшеуі кейінгі жылдары қарқынды дамып келе жатқан қашықтықтан оқытудың өзі интерактивті оқыту формасының жалпы жүйесінің бір бөлігі екендігін айта кеткен жөн. Аудиториялық сабақтарда оқытудың интерактивті формаларын қолдану үшін төмендегідей мақсат қою керек:
 - белгілі бір жұмыс түрін орындауда практикалық дағды қалыптастыру;

- көрнекі құралдар мен есте жақсы қалатын материалдарды пайдалана отырып оқыту;
- белгілі бір мәселені шешуде оқушы ұжымның қатысуын қамтамасыз ету;
- тест көмегімен аралық аттестация өткізу. Сонымен қатар мынадай міндеттер қойылады: оқу үрдісін мәліметтермен барынша жасақталған үрдіске айналдыру, оқушылардың практикалық дағдыға мұқтаждығы секілді мәселені шешу, оқу үрдісінде оқушының жеке тұлғасын шығармашылық, эмоционалдық және танымдық аспектіде қалыптастыру.

Жоғарыдағы міндеттерді шешу үшін төмендегідей интерактивті формалар қолданылады:

1. Компьютерді қашықтықтан басқару бағдарламасы. Бұл бағдарламаны пайдалана отырып, оқытушы сыныптағы әр компьютерді бақылауына алу мүмкіндігіне ие болады: жеке тапсырмалар беру мен ескертулер жасау, тапсырманың орындау жолдарын көрсету және т.с.с.
2. Интерактивті тұсаукесер. Олар бейнероликтер, анимациялар, дыбыстық сүйемелдеулер жатқызылады.
3. Интерактивті саяхат. Сабақ тақырыбы бойынша қажет материалдармен таныстыратын интернет ресурстарына саяхат жасау.
4. Кейс – технологияларын пайлану (CD,DVD дискілеріне оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға арналған тапсырмалар мен үлестірме материалдарды жазу).
5. Тест тапсырмалары арқылы оқушыларды аттестациялау.
6. Аудио және бейнеконференциялар өткізу. Конференцияның бұл түрін «дөңгелек үстел», «дебат», «фокус топ» және т.б. оқыту формаларын қолдану арқылы ұйымдастыруға болады. Осы формада өткен сабақты аудио және бейнетаспаға жазу арқылы оны келесі сабақтарда талдауда алғашқы сараптама материалы ретінде пайдалану аса тиімді саналады.
7. Фокус - топтық пікірталастар өткізу. Интерактивті оқытудың бұл түрінің ерекшелігі: мәліметтердің жеткіліктілігі, оларды алудың өзіндік айырмашылықтарының болуы, мәселені шешудегі тереңдік, дербестік. Басты артықшылығы – нәтижелерді әртүрлі мақсатта (оқу, іскерлік, әкімшілік) бірнеше рет қолдануға болады, сонымен қатар оқушылар мен шағын топтағы тыңдаушылар эмоционалдық қарым – қатынасқа түсуге мүмкіндік алады. Оқу үрдісін іскер ойын түрінде ұйымдастыру. Рөлдік ойындар өмірдегі түрлі жағдаяттарды модельдейтіндіктен, оның қолданыс аясы тек оқушылармен жұмысты ғана қамтып қоймай, сонымен қатар мамандардың біліктілігін көтеруде аспиранттар семинары мен тәжірибеші – мамандардың әдіснамалық семинарларында қолданылады.

Интерактивті оқыту жеке оқушылармен жұмыс түрінде де ұйымдастырылады. Интерактивті әдістеме кең ауқымды мақсаттар мне ара – қатынас түрлерін қамтиды. Алайда, қандай әдістеме қолдансаңыз да, негізгі білімнің көзі оқушылардың өмірлік тәжірибесінде. Білім беру үрдісінде оқушылар мынадай адамдармен өзара қарым – қатынаста болады:

1. Мұғаліммен (оқушы мұғалімнің сұрағына жауап бергенде);

2. Шақырылған адамдармен (ата – аналар, басқа ұйым өкілдері немесе сыныптың өзі қандай да бір ұйымдар мен адамдарға баруы мүмкін);
3. Басқа оқушылармен (жүппен жұмыс);
4. шағын топпен (3 – 5 оқушы);
5. үлкен топпен (көбінесе әртүрлі рольдік ойындар, пікірсайыстар, сыныптағы пікірталас, т.б.);
6. оқушылар тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сұраулар алады);
7. Кейбір техника түрлерімен (компьютермен).

Топтың сандық құрамы өзара қатынастың немесе оқудың сапасын білдірмейді. «Өзара қатынас» әдісінің негізгі ерекшелігі – ашылу (өзін - өзі ашу) үрдісімен байланысты, оның негізгі мәні оқушылар білім алу дағдыларын өзара қарым – қатынас арқылы меңгереді. Интерактивті әдістеме не үшін қолданылады? Интерактивті әдісті белсенді қолданатын мұғалімдер дәл осы өзара қатынас үрдісінде білім беру нәтижелі болады деп сенеді. Олардың ойынша, оқушылар тек осылай тезірек үйреніп, пікірталас кезінде білгендерін есте сақтай алады деп есептейді.

Бұл төмендегі себептерге байланысты болады:

- оқушылар ақпарат қана алып қоймай, шешімді табу жолы мен шешімнің дұрыстығын немесе бұл ойдың ұсынылған нұсқаларының ішіндегі ең жақсысы екендігін қисынды түсіндіре білулері және өз ойларын дәлелдеулері керек;
- қисынсыз құрылған шешімдер дау туғызатынын білетіндіктен оқушылар өздерінің және басқалардың тәжірибелерін қолданады. Мұндай жалпы білім қоры жеке оқушының біліміне қарағанда молырақ келеді;

Зерттеулерге сүйенсек, істеген нәрсеміздің 80 пайызын, оқығанымыздың 20 пайы-

зын, ал естігеніміздің 10 пайызын есте сақтайды екенбіз. Тәжірибе арқылы шеберлікті шыңдай отырып, біз ақпаратты өңдеп, қайтадан әрекетке айналдырамыз. Осы үрдіс барысында біз ісімізге қисынмен терең үңілеміз. Біз оқушыларға дайын жауаптарды бергенде, олардың ойлау белсенділік деңгейі бірден өседі. Ал бізге өз идеямызды іске асыруға және қорғауға тура келетін болса, ойлау белсенділік деңгейі бірден өседі. Жалпы интерактивті әдіс – тәсілдер оқушыларды енжарлықтан құтқарады, оқушының оқу объектісі болып табылатын дәстүрлі сабақ құрылымы жойылып, субъект деңгейіне жететіндей нәтиже көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда интерактивті әдістерді өз шеберлігімен ұштастырып, сабақтарда тиімді пайдалана білген мұғалім оқу үрдісінде көп жетістіктерге жетері сөзсіз. Білім сапасының артуына көп ықпалы тиеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанпейісова М.М. Модульдік оқытудың құрылымы. Оқыту – тәрбиелеу технологиясы.3,2008ж.
2. Әлметова Ә. Оқытуда интерактивті әдісті қолдану. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. 2003/5,23-31бб.
3. махмутова М.Ш. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. – Алматы: Экономика, 1981.
4. Бағиева Ш.М. Интерактивті әдістер - өмірлік дағдыны қалыптастыру тетігі. – Алматы 2007ж.

Sarsekeyeva Zh.Ye., Chilyakova V.I.

E. A. Buketov University of Karaganda

FEATURES OF THE USE OF PEDAGOGICAL TECHNOLOGIES IN EDUCATION

Conceptual model of a qualitatively new educational technology in the field of security is based on the scientific concept on interdisciplinary methodological approaches, aims, objectives, means of achieving the objectives, the predicted result [1]. Prospective modern educational technologies meet the methodological requirements - criteria of adaptability, which are conceptual, consistency, control, efficiency, reproducibility. Manufacturability criteria define the structure of educational technology, including the conceptual framework, substantive and procedural components of vocational training. Conceptual and logical model includes basic conceptual and generic category of scientific knowledge in the field of integrated security. The main categories of concepts: information; new knowledge and professional competence of the other; professional competence in the field of integrated security. The concept states that education in the field of integrated security should be advancing towards hazards. Principle - the formation of a comprehensive security throughout life. Prospective modern educational technology has characteristics of the system: the logic of the process, the relationship of its parts, integrity. Pedagogical technology can be controlled, we can plan, design, training, conduct a phased diagnosis can be varied by means and methods of training. The effectiveness of educational technology was tested by the results, the achievement of a certain standard of education. Prospective modern educational technology in teaching integrated security applies to the entire system of vocational education [2].

The target component model includes strategic goal - the formation of innovative thinking in a specialist who can effectively carry out professional activities under the requirements of international standards in the field of security; a strategic goal - to

identify ways and ensure conditions of effective formation of professional competence in the field of integrated security, special purpose - to define and implement the content, forms, methods and techniques of education at every stage of continuing professional education. Interdisciplinary methodological component of the model includes a methodological reflection (the ability to analyze their own scientific activities), the ability of the scientific rationale, critical thinking and creative application of certain concepts, forms and methods from different areas of knowledge management, construction safety in their professional activities [1]. The procedural component - is put into practice pre-designed models of the learning process of complex safety. Structural and organizational component includes the steps of (precollegiate, and a high school graduate), continuing education, a vertically-integrated horizontal connections. Organizational and pedagogical component of the educational process in the field of integrated safety features include: content, form and methods that provide active educational and practical activities of students and teachers, the development of promising technologies adequate formation of professional competence in the high school stage and differentiation of forms of organization for professionals in the postgraduate stage, the management process mastery of the material and the diagnosis of the educational process. Appraisal and effective component of the model includes the ability to transfer research approach to different specialty areas, and used in a variety of non-standard situations. Predictive component of formation of professional competence on the basis of modern educational technologies and interdisciplinary connections ensures the successful operation and development of the person in the professional field, and the ability to adapt to new professional, fast-changing commercial environment. Modern perspective pedagogical educational technology research aimed at finding problems in the area of integrated security, the development of creativity - creativity personality, ready to create a fundamentally new idea. System integration of information technology and interdisciplinary connections in integrated security and the use of the principle of student-centered learning allows the student to be active and to take decisions on the prevention of emergency situations [2].

Modern advanced pedagogical research technologies include organizational, substantive and analytical stages. Organizational and pedagogical stage - the choice of the problem, the objectives and the subject of research in the field of integrated security, the theoretical justification for its conduct, the formulation of hypotheses, determine the criteria and methods of carrying out the research work. Substantial and procedural stage involves the selection of the content of the research work in the field of security research, collect information. Analytical and correcting step includes data analysis, verification of analytical data for a purpose and objectives of the study hypothesis; correction research, statistical processing of the material, comprehension, analytical presentation of the material and conclusions followed a performance at scientific conferences and publication of research results. Stage perspective of modern educational technology research: generating ideas; developing innovative proposals; create an innovative project; conducting research results; the prospect effects. Promising pedagogical social organizational technology - is to achieve the level of competence in the field of integrated security necessary for social and professional adaptation, quality of excellence, cooperative learning, teaching communication skills. In the learning process of being introduced advanced teaching technologies based on modern technology. Conceptual model of modern educational technology formation of professional competence in the field of integrated security designed taking into account age, psycho-physiological characteristics of the individual and professional. An interdisciplinary approach to the design of the educational process in the field of integrated security is promising to achieve professional competence in accordance with the requirements of inter [2].

In conclusion, teachers should know the learning type of their students and use modern pedagogical technologies according to it, as it is really effective way of teaching them in a short period of time and at an ease. Students must also realize in which type of learning they can easily understand and remember things, and then address to the teacher asking for advice in learning the subject.

References:

1. Kok I. (2013). Explicit Strategy Training and English Language Proficiency, *Global Journal of Foreign Language Teaching*. (2), 33-38.
2. Corcoran R., Ross S. M. (2014). Around the Corner: A Randomized Controlled Trial Study of a Technology Enhanced Approach to Early Literacy. *Cypriot Journal of Educational Sciences*. 9(4), 307-315.

кафедрасының сениор-лекторы Матаева Б.У.
«География» студенті Озат Угитбек
*С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Психология және
 коррекциялық педагогика»*

ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

«География» дегеніміз не, қандай салаларға бөлінеді, қашан пайда болған, «география» ғылымын ашқан ғалымдар кімдер, жер беті қанша қабаттан тұрады, олар нені зерттейді? Қысқасы, біз өмір сүріп жатқан әлем мен оның ішкі құрылысы кімді де болмасын қызықтырары сөзсіз. Ал ол әлемді тереңнен зерделейтін ғылым – география.

Психика (гр. *psychikos* — ішкі сезім, көңіл-күй) жинақтайтын рухани бірлестігі. Психика биологиялық эволюцияның жемісі және жалғасы. Психика сыртқы құбылыстар мен заттардың көрінісін белсенді және озық түрде бейнелейді. Негізінде психика заттық ортаның дұрыс бейнесін және тіршілік иесінің өз ортасына бейімделетін бағдарын құрайды. Психиканың рефлекторлық сипаты оның объективті жағдайға тәуелділігін, қабылдау жүйесі құрамының қимыл атқару заңдылығын білдіреді. Психиканың рефлекторлық табиғатын алғаш И.М.Сеченов дәлелдеді. Адамның психикасы оның қимыл-әрекетін реттейтін және қоғамдық қатынасқа бейімдейтін жаңа құрылымның — сананың негізін құрайды. Осыдан адам психикасының дамуының жеке тұлғалық және әлеуметтік заңдылығы қалыптасады.

Психология ғылымының басқа ғылымдармен байланысы мен саласын қарастыра кетсек. Психология сан-салалы ғылым. Қазірде оның 40-қа жуық саласы бар. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін психология философия ғылымының бір саласы болып келіп, жаратылыстану, медицина, әдебиеттану ғылымдарымен де сабақтасып, байланысып жатты. Психологияның қоғамдық ғылымдармен тарих, әдебиет, лингвистика, география, антропология, өнер ғылымдарымен де байланысы зор. Адам психологиясын жақсы білмейінше, оларға әсер етіп, жігерін қозғап, жүрек сезімдерін толғандыратын, көркем шығармалар туындату мүмкін емес деген.

XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған, психологияның жеке ғылымға айналуына, оның табиғи біліммен бірлесуі себеп болды. Бұған психологияға эксперименттік әдістің (Г.Фехнер) енгізілуін де жатқызуға болады. Психологиялық ілімдердің табиғи-ғылыми теориясын рефлекторлық құрайды (И.М. Сеченов, И.П. Павлов, сондай-ақ ірі физиологтардың еңбектері: А.А. Ухтомский, Л.А. Орбели, П.К. Анохин, Н.И. Красногорский, К.М. Быков, НА. Бернштейн, И.С.Бериташвили). Қазіргі кезеңдегі психологияның негізгі мәселелерін өңдеуге Ч. Дарвиннің эволюциялық идеялары үлкен ықпал етті. Олар тіршілік иесінің ортаның ауыспалы жағдайына бейімделуі кезіндегі психиканың рөлін анықтауға, психикалық әрекеттің төменгі түрден жоғары түрге көтерілуінің мағынасын түсіндіруге мүмкіндік берді. Математика, биология, кибернетика, этика, эстетика, социология т.б. ғылымдардың соңғы жаңалықтары психологияға акеңінен еніп, оның жан-жақты дамуына әсер етіп отыр. Психологияның қай саласы болса да күнделікті өмірімізге қызмет етеді. Оларды тудырған қоғамның нақтылы талап-тілектері, өмірде болып жатқан ғылыми-техникалық прогрестің әсері деп түсіну қажет.

Осының барлығына көз жүгіртіп қарасақ қазіргі географияда психикалық ойлаудың пайда болуы оның дамуы көптеген ғылыми ізденістер мен зерттеулердің жемісі екендігін түсінеміз,

Алайда, бұл психика сөзін география мен не байланыстырады? Осы сұрақ көптің көкейінде тұрғаны рас. Иә, әрине егер тікелей түсінсек екеуі екітүрлі ілім, бірі адам баласын тұтастай зерітесе, екіншісі кеңістіктегі құбылыстарды зеріттейді. Бірақ, География мен психиканың ұштасатын тұсы мынада; Егер географияның зеріттеу объектісі Жер боса, онда оны зеріттейтін адам емеспе, табиғаттын құпия сырларын ашып, осы жолда бар өмірін арнап, артынан өшпес із қалдырған қаншама тұлғалар осы дүниеден өткен.

Дегенмен, олардың сондай дәрежеге жетуі, бастаған ісін соңына дейін жеткізуі, яғни психологиялық қалып күйі бір күнде берілген қасиет емес, жылдар бойы шыңдалған психикасы оларды осындай биіктерге жетеледі. Жалпы жаратылыс тану ғылымдары бұндай құбылысты ғылымы түрде түсіндіре алмас, себебі Психология зеріттейтін психика бұл ерекше құбылыс.

Географияның психикалық объектісі ол оның зеріттеушісі, яғни географ ғалым. Осы тұста Географияның атасы грек ғалымы Эротосфен жайлы сөз болмақ. Оның артынан қалған еңбектер жетерлік, солардың бірі, әрі бірегейі

болған негізгі жетістігі – Жердің радиусы мен көлемін адамдар оның шар тәріздес екенін білгенге дейін есептеп шығаруы. Өз есептеулерінің негізінде ол картада белгіленбеген мұхиттың әлі де орасан үлкен кеңістіктері бар екенін анықтады және оның айтқаны дұрыс келді. Бір қызығарлығы ол жерді айналып өтпей, білмей, ақыл-ойына сүйене отырып белгісіздікке ұмтылуында. Жерді бір рет те айналып шықпай-ақ оның шеңбері мен радиусын өлшеу? Мүмкін емес!? Сырттай қарасан ақылға сенгісіз, қисынсыз дерсіз. Бірақ Эротосфен оған жауап тапты.

Сонымен, бүгінгі күні адам өзі туралы сұраққа жауап бере алады, өзін танып, өзін түсінеді және басқаны да осылайша анық түсіне алады ма?

Тура мағынада басқаларды өзі секілді, өз көзқарасы сияқты түсіну, шын мәнінде, мұндай «түсінуде» адам әрқашан қателеседі. Планетарлық жүйенің геоцентристік қате моделі сияқты эгоцентристік сана психикалық табиғатты сол күйінде түсіне алмайды, тек өзімен салыстырғанда тар салыстыру ғана орын алып, қате түсінетіні белгілі.

Юрий Бурланның жүйелік-векторлық психологиясында 8 психологиялық вектор зерттеледі, олардың әрқайсысы адамның қайталанбайтын қалауларының, қасиеттері мен дарындарының жиынтығы болып табылады. Сегіз тірек нүктесінен бастап бірнеше векторлардың тасымалдаушысы болып табылатын адамдар тобында, олардың өзара әрекеттесу жүйесін біле отырып, адам психикасын зерттеу және түсіну қолжетімді және қайталанатын болады.

Сонымен қатар, әрине, адам баласы қоршаған ортаны зерделемей тұрып, әуелі ішкі жан дүниесін туралап алғаны жөн деген ойдамын.

Әр адам өз психикасымен қоршаған әлемді білумен айналыспайды. Ал ғалым Эратосфен және оның соңынан ерген барша ғалымдар сол шектеулі білімі мен мүмкіндіктерімен жауап бере алатын сұрақтарды, көптеген адамдар оңай шешпейді.

Табиғаттың қатаң заңдылықтарын ашқан, өнертабыс ойлап тапқан адамдардың, қарапайым адамдардан еш айырмашылығы жоқ, тек олардың жан дүниесі, ойлау қабілетін жетілгенін, психологиясы жоғарғы деңгейдегі адамдар екендігіне көз жеткіземіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. сайттар /ruh.kz , Wikipedia/;
2. /Психология дәріс кітабы- Педогогика ғылымдарының докторы, профессор Иманғалиев Н. Т. /
3. /Максим Девицин. Мақала Юрий Бурланның жүйелік-векторлық психология бойынша тренингінің материалдарын пайдалана отырып жазылған./

Нуркенова Г.К., Маженова Р.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ, Қазақстан

БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ҚАЗІРГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Қоғам үздіксіз даму үстінде, күнбе-күн түрлі өзгеріс, түрлі жаңалық, ақпараттық технология дамуындағы қарқындылық, ғылыми өзгерістер болуда. Осындай жаһанданудың жаңа белесіне орай адамзат баласына талап та күшеюде, яғни білім беру кеңістігінде де тың білімдер талап етілуде. Ендеше осыған орай білім беру процесіндегі қазіргі технологиялардың жүзеге асырылуы өзекті мәселелердің бірі болып табылмақ. Ал білім беру процесіндегі қазіргі технологиялардың бірі бұл әрине цифрлық технологиялар болып табылады. Білім беру кеңістігінде цифрлық технологияларды пайдаланудың маңызы күнбе күн артып келе жатқандығын айтпаса да анық. Оған күні кеше әлемді дүр сілкіндірген эпидемиологиялық жағдайға орай оқыту процесінің қашықтықпен жүзеге асуы да цифрлық технологиялардың маңызы зор екендігіне айқын дәлел бола алды.

Қазіргі технологияларды енгізудің жылдам қарқыны, ақпарат алу тәсілдерінің өзгеруімен және ең қуатты кәсіби бәсекелестікпен сипатталатын цифрлық революция жағдайында ақпараттық коммуникативтік технологияларлы ұтымды пайдалану негізінде білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Білім беруді цифрландыру оқу процесін виртуалдандырудың артуымен және нәтижесінде фрагменттік ойлаудың басым болуымен, инновациялық білім беру технологияларымен алшақтықтың күшеюімен сипатталады.

Заманауи цифрлық технологиялар пайдаланушыларға виртуалды объектілерді, құбылыстардың модельдерін манипуляциялауға, әртүрлі жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. Ғалымдардың пікірінше, мұндай технологияларды білім беру процесінде қолдану қабылдау, ойлау, есте сақтау,

қиял процестерін белсендіруге, білім алушылардың назарын жұмылдыруға ықпал етуі мүмкін.

Білім алушылардың жаңа буыны цифрлық технологиялар, оның ішінде білім беретін маңызды цифрлық технологиялар: телекоммуникациялық технологиялар, ауқымды деректер, жасанды интеллект, робототехника компоненттері, сымсыз байланыс технологиялары, виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары, бұлтты технологиялар қалыптастыратын цифрлық ортада өмір сүреді.

Цифрлық білім беру процесін құрудың ерекшелігі, бұл цифрлық технологияларды жүзеге асыру, ал олардың көпшілігі келесі дидактикалық қасиеттерге ие:

- ғаламдық желіде әртүрлі ақпаратты іздеу еркіндігі, дербестік (білім алушылардың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес шексіз мүмкіндіктер);
- интерактивтілік (оқу өзара іс-әрекет процесінде көп субъективтілікті қамтамасыз ету);
- мультимедиялық (ақпарат таратудың әртүрлі арналарын кешенді пайдалану);
- гипермәтіндік (ақпараттың анықтамалық сипаты және т. б.);
- субмәдениет.

И. В. Роберт ақпараттық технологияларды есептеу және микропроцессорлық технологияларға негізделген, электронды алмасу арқылы өзара байланысатын және ақпараттық операциялардың барлық жиынтығын орындайтын бағдарламалық-аппараттық типтегі құрылғылар мен құралдар ретінде анықтайды. Бұл тұрғыда ақпараттық технологияларға негізделген білім беру процесі дәстүрлі оқытудан түбегейлі ерекшеленетін белгілі бір электронды ортаға тиесілі болады. Электрондық білім берудің психологиялық-педагогикалық әдістемесі білім алушылардың интерактивтілігін дамытуға баса назар аударылатын нақты тұлғаға бағытталған тәсілге ие. Ақпаратты жинауды, таратуды, алмасуды, өндіруді, жинақтауды, беруді, сақтауды және өңдеуді,

сондай-ақ ғаламтор ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ететін микроэлектрондық техникаға негізделген ақпараттық және коммуникациялық технологиялар электрондық оқыту ортасының құралдары болып табылады.

Б. Ф. Скиннер цифрлық білім берудің бес дидактикалық принципін сипаттады:

1. Интерактивтілік принципі - білім алушы мен педагогтың компьютер арқылы үнемі байланысы.
2. Педагогикалық шеберлік принципі - білім алушының білімін талдауға арналған тестілеу әдістемесі.
3. Модульдік принцип - мағлұмат бөліктерге бөлінеді.
4. Кері байланыс принципі - қате пікірлер түзетіледі.
5. Мотивациялық принцип - табысты ассимиляция ынталандырылады.

Цифрлық білім беру процесінде техникалық құралдар мен мамандандырылған интерактивті жабдықтарды (ДК, ноутбуктер, планшеттер, робототехникалық жиынтықтар, интерактивті тақталар, электрондық флипчарттар) пайдалануға негізделген цифрлық білім беру технологиялары (аралас оқыту, мобильді оқыту, геймификация, қашықтықтан білім беру технологиялары, электрондық (онлайн) оқыту және т. б.) маңызды рөл атқарады.

Қазіргі заманғы ақпараттық *технологиялардың* бірі бұлтты технологиялар. Бұл деректерді өңдеу және сақтау құралдарын қашықтан пайдалануға мүмкіндік беретін қызмет. Бұлтты технологиялар дегеніміз - басқарудың минималды күш-жігерімен және жеткізушімен өзара әрекеттесуімен тез қамтамасыз етілетін есептеу ресурстарының жалпы қорына ыңғайлы желілік қол жетімділік моделі. Ақпараттық ортаны құру үшін бұлтты технологияның тартымдылығы оның тұтынушылық қасиеттерімен анықталуы болып табылады. Мысалы пайдалануға байланысты төлем, өзіне-өзі қызмет көрсету, желіге әмбебап қол жеткізу, ресурстарды біріктіру, бағдарламалау.

Сандық білім беру ортасы технологияларының тағы бір түрі - адаптивті оқыту, мұнда компьютер жетекші оқу интерактивті құрылғысы ретінде

қолданылады. Адаптивті оқыту жүйесін құрудың мақсаты - бейімделгіш оқытуды, бейімделгіш тестілеуді және оқу мағлұматындағы бейімделгіш навигацияны қолдана отырып, тыңдаушының даралануы мен моделі арқылы оның мүмкіндіктерін кеңейту, оқу материалын оның қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеу үшін белгілі бір тыңдаушымен өзара әрекеттесуді қалыптастыру.

Онлайн технологиялары арасында геймификация технологиясының да маңызы ерекше, ол дидактикалық мақсатта қолданылады. Ол бейне ойындарда қолданылатын механизмдер қолданылады, мысалы, ұпайлар, деңгейлер, көшбасшылар тақтасы, марапаттар, қиындықтар. Геймификацияның бір нұсқасы - веб-квесттер. Бұл технология ғаламтор ресурстары мен цифрлық технологияларды жоғары мектептің оқу процесіне пайдалануға және біріктіруге және олардың көмегімен кәсіби құзыреттілікті тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді, мұндай технология студенттердің ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Веб-квест технологиясын қолдану педагогтарға келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: мотивацияны арттыра отырып, оқу жетістіктерін жақсарту, оқытуда графикалық бейнелеу әдістерін қолдану, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, шығармашылық мәселелерді шешу, оқу қызметін оңтайландыру.

«Мобильді оқыту» бұл технология оқу материалдарын дербес цифрлық құрылғылардан (смартфондар, планшеттер немесе ұялы телефондар) алуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект - бұл «интеллектуалды» мәселелерді шешуде қолданылатын технология және оның барлық әзірлемелері үлгіні тану бағдарламаларын, автоматтық аударма жүйелерін және т.б. құруға бағытталған. Интеллектуалды білім беру бағдарламалары мен сараптамалық жүйе өте перспективалы, тез таралады.

Белгілі бір ресурсы бар деректерді сақтауды қамтамасыз ететін блокчейн технологиясын да ерекше атап өтуге болады. Ол деректерді цифрлық форматта сақтау қауіпсіздігіне кепілдік береді, сондай-ақ олардың өзгеруін бақылауды жүзеге асырады. Білім беру жүйесінде блокчейн емтихандар, берілген дипломдар мен сертификаттар және т.б. туралы ақпаратты сақтау үшін қолданылады және бұл ақпаратты оның түпнұсқалығына көз жеткізіп, мұрағаттық деректерге жүгінбестен дереу алуға болады.

Сонымен білім беру кеңістігіндегі қазіргі технологиялар сұранысқа ие әлеуеті зор болып табылады. Бұл аталған технологиялардың сапасы білім беруді цифрлық трансформациялаудың өзекті міндеті болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Подготовка учебных материалов для использования в образовательном процессе с применением дистанционных технологий: учебно-методическое пособие / А.А. Левицкий, А.В. Сарафанов, А.В. Толстоногов, С.И. Трегубов. – Красноярск: ИПЦ КГТУ, 2003. – 43 с.

2. Проект дидактической концепции цифрового профессионального образования и обучения / В.И. Блинов, М.В. Дулинов, Е.Ю. Есенина, И.С. Сергеев. – М.: Перо, 2019. – 72 с.

Есмагулова А.А., Маженова Р.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ, Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бүгінгі жаһандық *цифрландыру дәуірінде* жеке тұлғаның коммуникативтілік құзыреттілігі мәселесінің өзектілігі арта түспесе кеміген жоқ. Ол білім беруді ізгілендіру және демократияландыру процестерінде білім алушыларды білім беру процесінің субъектісі позициясына ауыстыруға байланысты көкейкесті болып табылады.

Қарым-қатынас мәселесі ғылымның көптеген саласында қарастырылады. Атап айтсақ, философияда, психологияда, педагогикада, әлеуметтануда қарым-қатынас мәселесі зерттеледі. Қарым-қатынас мәдениеті педагогикалық мәселе ретінде А. А. Петровский, Г. Б. Спок, Д. Карнеги, Р. Фишер және т. б., ал тұлғааралық және топаралық деңгейлердегі қарым-қатынастың теориялық мәселелерін ғылымда Б. Г. Ананьев, А. А. Богданов, А. Н. Леонтьев, А. В. Мудрик, Б. Д. Парыгин және т. б. зерттеді.

Ғалымдар педагогикалық қарым-қатынасқа кәсіби дайындықтың құрылымы мен мазмұнын, болашақ педагогтардың коммуникативтік дағдыларын дамыту шарттарын зерттейді (В. А. Кан-Калик, Н. В. Кузьмина және т.б.). Әлеуметтік - психологиялық оқыту және коммуникативтік тренинг жүйесі Л. А.Петровская, Т. С. Яценко, Ю. Н. Емьянов және т. б. еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Осы мәселені қарастырған отандық ғалымдарға Ж.Ыдырысова, М.Қ.Бапаева, Қ.Сейталиев, Н.В.Мирза, Мулдабекова К.Т. және т.б. атауға болады.

Коммуникативтік құзыреттілік қарым-қатынас нормалары мен ережелерін білу ретінде «тұлғаның коммуникативтік әлеуеті» ұғымының ажырамас бөлігі болып табылады. Қарым-қатынас тәжірибесі тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігінің құрылымында ерекше орын алады. Бір жағынан, ол әлеуметтік болып табылады және мәдениеттің ішкі нормалары мен құндылықтарын қамтиды, екінші жағынан дербес, өйткені ол жеке

